

М.Тынышпаев ат. Астана
ALT көлік колледжінің



педагогикалық кеңес
шешімімен бекітілді

Колледж директоры
А.Жумадильдин

«29» тамыз 2025 ж.

**М.Тынышпаев атындағы Астана ALT көлік колледжінің
студенттеріне арналған ішкі тәртіп
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

I. Жалпы ережелер

- 1.1. М.Тынышпаев атындағы Астана ALT көлік колледжі (бұдан әрі - колледж) студенттеріне арналған ішкі тәртіп ережелері оқу сабақтарын бекітуде, оқу сабақтарын, ұйым уақытын тиімді пайдалану, оқу және тәрбие үдерісі сапасын жақсарту мақсатында қолданылады.
- 1.2. Осы ішкі тәртіп Ережелеріне қолдануымен байланысты барлық сұрақтар ҚР заңдылықтарына, колледж Жарғысына және осы Ережеге сәйкес шешіледі.

II. Оқу үдерісінің тәртібі

- 2.1. Колледждегі оқу сабақтары белгіленген тәртіпте оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес сабақ кестесі бойынша өткізіледі.
- 2.2. Оқу сабақтарының кестесі әр семестрге жасалады және семестр басталғанға кейін 10 күн бұрын ілінеді.
- 2.3. Оқу сабақтарының ұзақтығы 90 мин. болып белгіленеді. Оқу сабақтарының арасы 5-10 минуттық үзіліспен белгіленеді. Сабақтың басталуы және аяқталуы колледж бойынша қоңыраумен хабарланады.
- 2.4. Оқу ғимараттарына кіру қатаң түрде студенттік билеттер арқылы жүргізіледі.
- 2.5. Сабақ басталғаннан кейін оқу сабақтары уақытында барлық ғимараттарды және оған жақын орналасқан жерлерде сабақтың дұрыс өтуі үшін тыныштық сақталуы керек. Студенттің қоңыраудан кейін аудиторияға кіруіне тыйым салынады. Сабақ уақытында аудиторияға кіріп немесе шығып кедергі келтіруге болмайды.
- 2.6. Әр бір топта бөлім меңгерушілерінің, топ жетекшілерімен оқу үлгерімі және тәртібі жақсы студенттер арасынан топ старостасы тағайындалады.

Топ старостасы колледж басшылығына бағынады және оқу-тәрбие үдерісімен байланысты барлық тапсырмаларды орындайды.

Староста міндеттері:

- ✓ Сабақтың барлық түрлерінде студенттердің сабаққа қатысуы туралы есебін жүргізу;
- ✓ Бөлім меңгерушісіне апта сайын, сабақтан қалған немесе кешіккен студенттер туралы себебін көрсете отырып, ақпарат беру;
- ✓ Оқу сабақтарында, топтың тәртібіне сонымен қатар аудиториядағы оқу құралдары мен инвентарларға бақылау жүргізу;
- ✓ Топ студенттері арасында уақытылы оқулықтар мен оқу құралдарын алу, бөлуді ұйымдастыру;
- ✓ Оқу сабақтарында, сабақ кестесіне енгізілген өзгерістер туралы топ студенттерін хабардар ету;
- ✓ Топта күн сайын кезекке сәйкес кезекшілерді тағайындау.

Жоғары көрсетілген негізінде староста өкімдері барлық студенттерге міндетті болып табылады.

III. Студенттердің құқықтары мен міндеттері

- 3.1. Колледжге студенттерді қабылдау Қазақстан Республикасының ілім және ғылым министрлігімен бекітілген қабылдау туралы Ережелерге сәйкес жүргізіледі.
- 3.2. Студенттердің құқықтары:
- жалпыға міндетті стандартқа сәйкес мамандықтар бойынша білім алуға;
 - жекеленген траектория бойынша білім алуға;
 - өз қабілеттері мен қажеттіліктеріне байланысты оқу жоспарына сәйкес жанама курсты таңдауға, қосымша білім алуға;
 - заңда көрсетілген тәртіп бойынша бір мамандықтан екінші мамандыққа, бір оқу орнынан екінші оқу орнына қайта қабылдануға немесе ауысуға;
 - колледж кітапханасының ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға;
 - өздерінің ойлары мен тұжырымдарын еркін айтуға;
 - білім беруге арналған келісім шартта көрсетілген құқықтарды талап етуге.
- 3.3. Студенттердің міндеттері:
- таңдаған мамандықтары бойынша теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жүйелі және терең меңгеру;
 - аудиториядан тыс жерде болған кезде студенттер қызметкерлермен, колледж келушілерімен кездескен кезде жол беруге міндетті, қабырғаға қарай шегініп, сәлемдесу. ауызша түрде, қол алыспастан және құшақтаспай, оң қолын жүрек тұсына қою арқылы жүзеге асырылады;
 - білім беру жоспары мен бағдарламасына сәйкес барлық сабақтарға қатысып, берілген тапсырмаларды орындау;
 - оқу ғимараттары мен студенттер жатақханасының тәртібін сақтау үшін қоғамдық еңбекке белсене араласу;
 - оқу және ғылыми құралдарына, оқулықтарға, жабдықтарға т.б. мұқият және ұқыпты қарау;
 - білім беруге арналған келісім шартта көрсетілген міндеттерді орындауға;
 - сабақ уақытында ұялы телефондарды, ойын құралдарын өшіру, колледжге кірерде студенттік билет пен жатақханаға кіру рұқсат қағазын күзет қызметкерлеріне көрсету, колледжде, қоғамдық орындарда тәртіпті, ұқыпты болу;
 - колледж әкімшілігі, оқытушылар аудиторияға кіргенде студенттер орнынан тұруға міндетті;
 - белгілі себеппен студент сабаққа келмей қалған жағдайда келесі күннен кешіктірмей топ старостасымен топ жетекшісіне айтуы тиіс. Ауырып қалған жағдайда студент топ жетекшісіне сабаққа келген бірінші күні тиісті медициналық мекемелерден алынған медициналық анықтамасын көрсетуі тиіс;
 - классикалық киім үлгісін киіп жүруге (ер балалар үшін пиджак, қара немесе көк түсті шалбар, бір түсті жейде мен галстук. Қыз балалар үшін – қара немесе көк түсті костюм шалбар, немесе костюм юбка);
 - Студенттер сабаққа ұқыпты және таза киініп келуі тиісті;
- 3.4. Колледж ғимараттарында тиым салынады:
- сырт киіммен және бас киіммен жүруге
 - қатты дауыс көтере сөйлеуге;
 - спирттік ішімдіктерді ішуге;
 - нашакорлық заттарды пайдалануға;
 - қоғамға жат қылықтар жасауға;
 - хиджаб киюге;
 - сабаққа спорттық киімде және камуфляж киюге, (дене тәрбиесі және АӘД сабақтарынан тыс уақытта);
- 3.5. Колледж мүлкіне зиян келтірген студенттер көрсетілген тәртіп бойынша, келтірілген зиянның бағасының көлеміне сәйкес материалдық жауапқа тартылады;
- 3.6. Барлық оқу ғимараттарында тазалық пен тәртіпті техқызметкерлер мен студенттер өз-өздеріне қызмет көрсету арқылы қамтамасыз ету тиіс.
- 3.7. Жақсы білім көрсеткіштері, колледждің қоғамдық жұмыстарына белсене араласқаны үшін студенттерге төмендегідей сыйақы тағайындалады:

- алғыс жариялау;
- грамота, дипломдармен марапаттау;
- құнды сыйлықтармен немесе ақшалай жүлделер тағайындалады.

IV. Жаза қабылдау мен студенттерді оқудан шығару тәртібі

- 4.1. Колледждің ішкі тәртібін, оқу тәртібі мен студенттік жатақханада тұру тәртібін бұзған студенттерге келесі тәртіптік шаралар қолданылады:
- ескерту;
 - сөгіс;
 - студенттер жатақханасынан шығару;
 - колледжден шығару;
- 4.2. Студентке тәртіптік шараларды қолданар алдында бөлім меңгерушісімен студентке қатысты барлық жағдайлар бойынша түсінік хаттары мен түсіндірме жазбалары және т.б. тексеру жұмыстары жүргізіледі.
- 4.3. Студент колледжден шығарылуы мүмкін:
- өз еркімен;
 - денсаулық жағдайына байланысты ДКК анықтамасының қорытындысы бойынша;
 - басқа білім ұжымына ауысқанда;
 - академиялық қарыздары үшін;
 - оқу тәртібі ережесін бұзғаны үшін (бір семестрде себепсіз 72 сағат қалса), колледждің ішкі ережесі мен Шартын бұзса;
 - маман даярлауда келісім шарт талаптарын орындамаса;
- 4.4. Студент колледжден шығарылған жағдайда 4.3 тармағына сәйкес колледж әкімшілігі студентке алдын ала бір ай бұрын ескертеді.
- 4.5. Сот үкімімен қылмыс жасады деп айыпталған студент оқудан шығарылады.

Келісілді:

Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары

Аймагамбетова Б.А

Директордың оқу-өндірістік
ісі жөніндегі орынбасары

Ахметов Б.Ж.

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

Көпбосын Б.С.

Кадр және заң қызметінің
басшысы

Султанбеков Е.Ш.

Бөлім меңгерушілері

Амантай С.Е.

Касымова С.Ж.

Абилдаева К.Ш.